

"2013 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарды анықтау нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесін белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 7 ақпандағы N 45 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 21 қазандағы N 335 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2013 жылғы 5 қарашада N 2395 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің «2013 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының аумағында тұратын нысаналы топтарды анықтау нысаналы топтарға жататын қосымша тұлғалар тізбесін белгілеу туралы» 2013 жылғы 7 ақпандағы № 45 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2219 бойынша тіркелген, 2013 жылғы 2 сәуірдегі «Нұрлы ел» аудандық газетінің арнайы басылымда, 2013 жылғы 2 сәуірдегі «Қызылту» аудандық газетінің арнайы басылымда жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7 бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**»;

1-тармағы келесі мазмұнда 13) тармақшасымен толықтырылсын:

«13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар» ;

2 тармағы келесі мазмұнда 3) және 4) тармақшаларымен толықтырылсын:

«3) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

4) он екі ай және одан да артығырақ жұмыс істемеген тұлғалар».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Уәлиханов ауданының әкімі *А.Төрегелдин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК